

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Аннотация. Бұл мақалада функционалдық сауаттылықты арттыруда сын тұрғысынан ойлаудың маңыздылығы айтылған. Оқушыны еркіндікке үйрете отырып, сыныптастарымен күрделі мәселені шешуде пікір таластырып, қиындықты жеңудің жолдарын табуға бағыттайтынын және алған білімдерін өмірде, кез-келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйретудегі тиімділігі айтылған.

Кілт сөздер: сын тұрғысынан ойлау, функционалдық сауаттылық, Венн диаграммасы, РАФТ.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің алар орны ерекше. Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық және т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану – әдебиет пәнінің басты мақсаты болып есептелсе, тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету – қазақ тілінің басты міндеті болып танылады.

Ал жалпы оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзыреттіліктерден көрінеді:

1. Оқу, жазу сауаттылығынан;
2. Жаратылыстану ғылымындағы сауаттылық;
3. Математикалық сауаттылығынан;
4. Құқықтық сауаттылығынан;
5. Компьютерлік сауаттылықтан;
6. Денсаудық мәселесіндегі сауаттылықтан» [3, 25].

Қазақ тілі пәні бойынша оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынандай тұжырымдаманы ұсынуға болады:

1. Оқушыларға бірінші сабақтан бастап сөйлесім әрекетінің түрлерін меңгерте білу. Атап айтар болсақ, айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім;
2. Оқушылардың алған білімдерін өмірде, кез-келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйрету;
3. Мемлекеттік тілде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау;
4. Оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуіне үйрету;
5. Оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытуы.
6. Оқушылардың әлеуметтік-мәдени дағдыларын дамытуы;
7. Қазақ халқының салт-дәстүрі, мәдениеті тарихын түсіну және құрметтеуге баулу.

Функционалдық сауаттылықты арттыруда сын тұрғысынан ойлаудың маңызы зор. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – оқушылардың қызығушылығын ояту, өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру, зерттеуге ұмтылдыру, тұжырым жасауға үйрету. Сын тұрғысынан ойлау арқылы ойды қозғап, өзгелердің ойына сыни қарап, естігені мен білгенін салыстырады, жүйелейді, сұрыптайды, реттейді. Аталған бағдарлама оқушыны еркіндікке үйретеді. Еркіндіктің нәтижесінде сыныптастарымен күрделі мәселені шешуде пікір таластырып, қиындықты жеңудің жолдарын табады. Сын тұрғысынан ойлау оқушыны ізденуші қылса, мұғалімді бағыттаушы қызметіне ауыстырады. Бұл бағдарлама бірнеше автордың ой еңбегі. Джинни Л.Стил, Куртис С.Мердит, Чарльз Тэмпл атты ғалымдар Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алып, жобаның негізін дайындаған.

Сын тұрғысынан ойлауды оқушы өмірінің бір саласы деп қарастырсақ та болады. Өйткені, тек қажетті деген ақпараттарды ғана алуды, көптеген шешімдер мен таңдаулардың ішінен маңызды әрі пайдалысын алуды және жаңа тақырыпты, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмегін тигізеді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының дәстүрлі оқытудан ең басты ерекшелігі – білім дайын күйінде берілмейді. Оқушы өздігінен іздену арқылы жаңа білімді меңгереді. Сын тұрғысынан ойлау мынандай кезеңдерден тұрады: мағынаны тану, қызығушылықты ояту, ой толғаныс. Бұл кезеңдер барысында «Түртіп алу», «Топтау», «Ойлану», «Болжау», «Жұпта талқылау», «Әлемді шарлау» атты бірнеше әдістер қолданылады [1, 198].

Оқу мен жазу сын тұрғысынан ойлауды дамытады. Оқушы мұғаліммен болса да, оқушымен болса да пікір алмасып, еркін сөйлесу форматына түседі. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту балаларға терең білім беруді көздейді. Аталған бағдарлама 1998 жылы қазан айынан бастап Қазақстан қоры жанынан іске қосылды. Әрбір ұстаздың алға қойған мақсаттарының бірі – бала бойына түрлі дағдыларды қалыптастырып, одан нәтиже шығара білу болса, бұл бағдарлама осы нәтижеге қол жеткізуге септігін тигізеді.

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту арқылы оқушылар мынандай дағдыларға қол жеткізе алады:

1. Оқушылар барлық мәселеге сын көзбен қарауды үйренеді;
2. Маңызды шешім қабылдап, күрделі мәселені шешуде жауапкершілік танытады;
3. Үйрету мен үйрену дағдысы жетіле түседі;

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мұғалімдер мынаған басты назарды аудару қажет:

1. Оқушы бойындағы сын тұрғысынан ойлау дағдысын қалыптастыру үшін уақыт керек екенін естен шығармаған абзал;
2. Оқушыларға рұқсат беріп, еркіндікті сезіндіру қажет. Бұл еркіндік, бұл рұқсат берудің нәтижесінде оқушы ойын ашық айта алады;
3. Оқушыға әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдауды дағдыға айналдыру;
4. Оқушыларды қолдау. Жаңа дағдыны меңгеру барысында оқушыны қанаттандырып, белсенді іс-әрекетіне қолдау білдіру;

Білім сапасын арттыру мақсатында өз сабақтарында «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясын қолданамын. Сын тұрғысынан ойлаудың тиімді тұсы оқушы өзі айтқан сөзіне, жауабына ізденудің нәтижесінде жауап береді. Дәстүрлі сабақ барысында оқушылар тек тыңдаушы болса, сын тұрғысынан ойлау технологиясының нәтижесінде ізденуші және өзінің ойын дәлелдеуші ретінде жаңа қырынан көріне бастады. Мұғалім ретінде тек оқушылардың жұмысын ұйымдастырып, бағыт беріп отырамын. Бұл бағдарлама білім деңгейін көтеруге және шығармашыл тұлға қалыптастыруға зор септігін тигізеді. Қай жағынан алып қарасақ та бағдарлама өте тиімді.

Мұғалімдік тәжірибем барысында сын тұрғысынан ойлаудың мынандай міндеттері барын анықтағанымды айта кетейін:

1. Оқушылар бірін-бірі мұқият тыңдап, ортақ қорытындыға келеді;
2. Тақырыптың түсініксіз тұсы болса анықтау процесін жүргізіп, түсіну деңгейіне дейін жеткізеді;
3. Өз пікірін дәлелдеп, ойын айтады, қорытынды шығара алады;
4. Өз қызығушылығына өзі жауап іздеп, өз қажеттілігін өзі өтеуге тырысады [2, 36].

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту үшін түрлі әдістермен де жұмыс істеу керек. Солардың бірегейі мына әдіс-тәсілдер деп білемін: «Еркін жазу», «Венн диаграммасы», «РАФТ», «Қосжазба күнделігі», «Миға шабуыл», «ДЖИКСО стратегиясы». Бұл әдістердің ең тиімді тұсы сабаққа қатыспайтын қалатын оқушы болмайды. Барлық оқушы сабаққа белсенді қатысады. Оқушылардың көп бөлігі мәтінді түсінеді және түсінікті етіп айтып та бере алады. Тіпті мәтінге қатысты ой-пікірін де білдіреді. Бұл әрекеттердің нәтижесінде оқушы тілі дамып, сауаттылық қалыптасады.

«Еркін жазу» әдісі арқылы оқушылар сабақтан алған әсері, жаңа ақпараты және не үйрендігі туралы өз пікірін жазады. Жазуға берілген уақыт аяқталған тұста өз жазғандарын оқиды. Бұл әдіс арқылы оқушы алған білімін қорытып, түйіндейді. Әдісті кез келген сабақта қолдануға болады.

Келесі «Венн диаграммасы». Бұл әдіс көпшілікке таныс әдістердің бірі. Шеңбердің екі жағына жеке қасиеттері жазылса, шеңберлер айқасқан жерге ортақ белгілері жазылады. Аталған әдістің нәтижесінде оқушылардың салыстыру дағдысы жетіле түседі. Қызығушылықтарымен қатар ойлау деңгейін арттырады.

Тағы бір айта кететін оңтайлы тәсілдердің бірі – РАФТ. Оқушылардың тілін дамытып, қиялын қозғауға арналған әдістің формасын түрлендіріп орындауға да болады. Мәтінді бірнеше рет оқып, түсіну деңгейіне жетелейді. Осы әдіс арқылы эссе жазуға бейімделіп, ресми іс-қағаздар туралы түсінігі қалыптасады.

Келесі әдістің түрі сөздік қорды молайтады. «Қосжазба күнделігі» деп аталатын әдіс арқылы оқушылар өздерінің пікірін жазып, кейіпкердің жан-дүниесіне үңіледі. Оқулықпен жұмыс істеп, бір-бірімен пікір алмасады. Нәтижесінде сабаққа деген қызығушылықтары артып, еркін сөйлеуді және жүйелі сұрақ қоя білуді меңгереді.

Сын тұрғысынан ойлаудың нәтижесінде жеке тұлғаның қабілеттері жанданып, білім алу прагматикасы қалыптасады. Оқушының тұлғалық деңгейі қалыптасып, білімі арта түседі.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы ретте қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені.

Әдебиеттер:

1. Тәшенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту / А. Ташенов // Білім-Образование. – 2006. -№2.
2. Тұңғатова Ғ. Қазақ тілі сабағында сыни ойлауды дамыту / Қазақ тілі: әдістеме. – 2010. - №9-10.
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру (бастауыш сыныптар). Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 66 б.

Ткач Е.А.

Образовательная школа №61 г. Караганды

Аубакирова К.Ф.

Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова

О РАЗВИТИИ КРЕАТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация. В статье представлен анализ психолого-педагогической литературы по проблеме развития креативного мышления младших школьников. Проанализированы понятия «креативность», «креативное мышление», «творчество», «творческое мышление», изучение которых позволило нам выявить особенности, характеристики и необходимые условия для их развития.

Ключевые слова: мышление, креативность, креативное мышление, творчество, творческое мышление.

РК В Концепции обучения РК отмечается деятельностный характер новой модели образования, направленной на формирование стремления к самостоятельному непрерывному образованию и развитие творческого мышления. В современных условиях развития человек представляется не просто как объект изучения, а, прежде всего, как субъект творчества и познания, создающий величайшие образцы культуры и увлекающий своим стремлением к творчеству [1].

Общепризнанно, что процесс обучения – это не просто восприятие научных знаний, полученных «из головы в голову», это результат учебно-познавательной активности по самостоятельному поиску, извлечению и обработке научной информации. В такой ситуации изменяется сам активный субъект обучения и трансформируется его опыт.

Вопросы, связанные с повышением эффективности преподавания, ориентированного на результат обучения является одной из основных проблем образования, которую можно разрешить, если продумать и применить систему работы, связанную развитием креативного мышления обучающихся.

Для этого необходимо так организовать дидактический процесс, чтобы на учебных занятиях было меньше запретов и ограничений, больше фантазии и свободы, желания «творить чудеса», интересно и познавательно каждому ученику.

Исследователи В.С. Шубинский, Л. С. Выготский, Крылов Е., Березина В.Г., Викентьев И.Л., Модестов С.Ю., Левин В.А., Махмутов М.И., Матюшкин А.М. и др. акцентируют внимание на необходимости накопления субъективного опыта обучающихся младшей школы в процессе формирования деятельности, основанной на воображении и фантазии [2-4].

Ученые В.В. Давыдов, Л.В. Занков, В.В. Краевский, И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин, Д.Б. Эльконин подчеркивают, что опыт творческой деятельности является компонентом содержания образования и его самостоятельной структурной единицей [5].

Исследователь В.С. Шубинский в своем научном труде обосновал положение о необходимости развития воображения и креативных способностей учащихся младшей школы, связанных с их творчеством [2, с.112].